


# IT ТЕХНОЛОГИЯСЫ – КЕЛЕШЕКТІҢ МАМАНДЫҒЫ

Цифрландыру дегеніміз компьютерлік технологияның эволюциялық дамуы. Бүгінгі таңда қызмет көрсетудің барлық саласына еніп отыр. Сандық технологияны ілгерілету мемлекеттік маңызды қадам. Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында ерекше атап өтті. «Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру. Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті, индустрия 4.0 элементтерін енгізу айрықша маңызды.



Біз шетелдегі стратегиялық серіктестерімізбен белсенді жұмыс істеуге тиіспіз. Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады. Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс, - деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Соңғы бірнеше онжылдықта есептеу жүйелері мен белгілі бір математикалық алгоритмдердің кең түрі бізге жасанды интеллект пен үлкен деректерді өңдеуге мүмкіндік берді. Осы ретте халықты цифрлық технологияға бейімдеп, компьютерлік сауаттылығын ашудың маңыздылығы өте жоғары. Цифрландыру бұл жаһанды дамыту болып саналады. Сандық технология өркендеген сайын халықтың тұрмыс-тіршілігі де жеңілдей түседі.

Цифрландырудың қоғамға енуі, әсіресе, саяхат және туризм индустриясын түбегейлі өзгертпек. Сандық революция осы күндері бизнес жүргізудің тәсілдерін ерекше оңтайландырды. Озық IT жүйесін қолдану, ең алдымен, елдің даму үдерісін жылдамдатады. Заманауи тех-

нологиясыз жарқын болашақты елестету мүмкін емес.

Сондықтан IT саласы мамандарына деген сұраныс жылдан-жылға арта бермек. Осы ретте М.Әуезов атындағы ОҚУ ақпараттық технологиялар бойынша маман даярлауда көп еңбек сіңіруде. Университетті бітірген болашақ IT мамандары бакалавр дәрежесінде диплом алып шығады. Цифрландыру бойынша білім алушылар ақпараттық технологиялармен бірге қосымша информатика, бизнес салала-

рын меңгеруге мүмкіндіктері бар. Қорытындылай келгенде, IT технологиялар мамандығында оқыған университет студенттері озық білімді, цифрландыру бойынша кәсіби қызметке дайын, шет тілін меңгерген маман атанып шығады.

**Фазиза ЕЛБЕРГЕНОВА,**  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
ақпараттық жүйелер және  
модельдеу кафедрасының  
аға оқытушысы.

**Айдана МҰҒАЛБЕКОВА**  
оқытушы

